



Halyk Finance " АҚ бөлшек инвесторларға Halyk Invest жеке мобильді қосымшасын ұсынады

"Қазақстан Халық банкінің еншілес ұйымы" Halyk Finance акционерлік қоғамы ("Halyk Finance" АҚ) өзінің инвестициялық мобильді қосымшасының іске қосылғаны туралы хабарлайды.

Halyk Invest мобильді қосымшасының функционалы брокерлік шотты қашықтан ашуға және жергілікті нарықтарда – Қазақстан қор биржасында (KASE) және "Астана" Халықаралық қаржы орталығының биржасында (AIX) сауда операцияларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қосымша жеке инвесторларды тіркеуді жеңілдететін соңғы заңнамалық жаңалықтарды ескере отырып әзірленді: мысалы, Halyk Invest арқылы брокерлік шот ашу үшін электрондық-цифрлық қолтаңбаның болуы және клиенттің жеке басын куәландыратын құжатты ұсынуы талап етілмейді. Halyk Invest-те тіркелу кезінде инвестор жеке тұлғалардың мемлекеттік деректер қорының (ЖТМДҚ) сервистерімен интеграцияға негізделген қашықтықтан биометриялық сәйкестендіру рәсімінен өтеді, бұл алаяқтық әрекеттердің ықтималдығын азайтады және клиенттік тексерудің дәлдігін айтарлықтай арттырады. Брокерлік шот ашу туралы бұйрық, сондай-ақ клиенттің кейінгі тапсырыстары инвестордың сенімді телефон нөміріне жіберілген SMS-кодтардың көмегімен расталады.

– Қазақстандық нарық үшін Halyk Invest бірегейлігі осы қосымшада алғаш рет клиент жолы – инвестор ретінде тіркеуден бастап брокерлік шотты толықтыруға және ең аз уақыт шығындарымен саудаға дейін іске асырылды, – деп атап өтті "Halyk Finance" АҚ Басқарма Төрағасы **Талғат Аюпов**. - Біз Halyk Finance компаниясының заңнамалық бастамалармен және мемлекеттік сервистермен ұсынылған клиенттерді сәйкестендіру бойынша мүмкіндіктерді тәжірибеде бірінші болып пайдаланғанын мақтан тұтамыз, бұл біздің компанияның ел нарығындағы көшбасшылығын растайды.

– Біз нарықта цифрлық шешімдердің пайда болуын қолдаймыз, – деп атап өтті Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының орынбасары **Мария Хаджиева**. – Екінші деңгейдегі банктерден кейін ЖТМДҚ сервистік шешімдерін бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары да пайдаланатыны жақын болашақта жеке тұлғалар тарапынан үлкен инвестициялық белсенділіктің өсуіне сенім артуға мүмкіндік береді.

2020 жылдың соңына дейін Halyk Invest қосымшасында KASE және AIX-тегі бағалы қағаздармен операциялар үшін комиссия алынбайтынын, ал қосымша арқылы шот ашқан жаңа клиенттер "Қазақстан Халық Банкі" АҚ-ның 20 акциясын сыйлыққа алатынын атап өтейік.

Қазіргі уақытта Halyk Invest қосымшасы AppStore-да iOS жүйесіне негізделген құрылғыларды пайдаланушылар үшін қол жетімді. Жақын арада Halyk Finance Android-құрылғыларына арналған қосымшаның нұсқасын ұсынады, сондай-ақ клиенттерге қазақстандық қана емес, халықаралық алаңдарда да сауда жасауға мүмкіндік береді.

Halyk Finance " АҚ - қаржылық консалтинг пен андеррайтингті, корпоративтік қаржыландыру қызметтерін, брокерлік қызметтер мен бағалы қағаздар саудасын, KASE және AIX сауда алаңдарында маркет-мейкер қызметтерін, инвестициялық портфельді басқаруды, сондай-ақ тұрақты талдамалық қызметтерді қоса алғанда, инвестициялық-банктік қызметтердің толық кешенін көрсететін Қазақстанның жетекші инвестициялық банкі. Компания халықаралық кредиттік рейтинг ("Fitch Ratings" халықаралық рейтингтік агенттігінен "BB+") алған Қазақстандағы алғашқы брокер-дилер болып табылады.

БАҚ үшін байланыс деректері:

+7 727 331 59 77

pr@halykfinance.kz

